

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Джон Локк (1632–1704)

2-тарау. Жаңа дәуір философиясы.  
Ағартушылық философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

## Азаматтық басқару туралы трактат (1690)

### Абсолютизмге жаңа көзқарас

Джон Локк – философия тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Оның еңбектерінде білімнің сан қилы саласының мәселелері қозғалған. Бүгінде оның философияға, әсіресе ағылшын-америкалық философияға тигізген ықпалын Декарттың ықпалымен салыстыруға болады. «Адам ақыл-ойы жөніндегі тәжірибелер трактаты» мен «Басқару туралы екі трактат» – философтың негізгі еңбектері.

Біз кітабымызда философтың «Азаматтық басқару туралы трактатын» ұсынуды дұрыс деп таптық. Аладамақыл-ойының мәселесін Лейбнице арналған тараудан жаңа жақты қарастыратын боламыз. Өйткені неміс ойшылының «Адам ақыл-ойы жөніндегі жаңа тәжірибелері» Локктың осыған ұқсас шығармасына қарсы бағытталған болатын. «Азаматтық басқару туралы трактат» – билеушінің шексіз билігіне қарсы нағыз манифест болды. Трактат Ағарту дәуірінің барлық философтарының жастанып оқитын кітабына айналды. Жүз жылдан кейін Француз революциясымен аяқталған қозғалыстың басында тұрған дәл осы Локк болатын.

### Философтың дағдарыс кезіндегі өмірі

Локк философиясы – өзі өмір сүрген тарихи дәуірдің айнасы. Гоббс сияқты Локк та Англиядағы саяси биліктің дағдарысы заманында өмір сүрді. Екеуінің арасын бөліп тұрған жарты ғасырға жуық уақыт аралығында дағдарыстың мазмұны да мүлдем өзгеше мәнге ие болды. 1649 жылы бүлікшілер I Карлды өлім жазасына кесіп, Англияны республика деп жариялады. Бірнеше жыл өткен соң Кромвель өзін лорд-протектор деп жариялап, мемлекеттің өміршеңдігі мен аман қалуының өзі екіталай болды. Бірақ 1660 жылдан кейін жағдай өзгерді. Гоббстан айырмашылығы – Локк мемлекеттің қоғамдық институт ретінде легитимдігін негіздеп қана қоймай, саяси биліктің басты ұстанымдарын қайтадан айқындауына тура келді. 1688 жылғы екінші революциядан кейін II Карлдың ізбасары II Яковтың абсолютті билігінің орнына конституциялық монархия орнады. Локк оның теоретигі болды.

### Әкесінің ықпалы

Джон Локк Бристольге жақын елді мекенде дүниеге келген. Баласының тәрбиесімен айналысқан қатал әкенің мінезі ұлы өскен сайын жұмсара түсті. Балаға біртіндеп жауапкершілік арту – кейінірек Локктың «Тәрбие туралы кей ойлар» трактатында көрініс тапқан педагогикалық принциптерінің біріне айналды. Азаматтық соғыс кезінде Локктың әкесі парламент жағында соғысады. Мемлекеттегі парламент пен әскердің маңыздылығын да, билік бір қолға шоғырланған абсолютті монархияның қауіптілігін де сәби санасы сол кездің өзінде-ақ жақсы түсінді.

### Философ көзқарасының қалыптасуы

Парламентті жақтайтын көңіл-күй басым болған вестминстрлік мектепті бітірген бозбала Локк 1652–1658 жылдар аралығында Оксфорд университетінде оқып, білім алады.

Оксфорд – роялистік ұстанымдағылардың лагері еді. Десе де толеранттылық рухымен айрықшаланған университет деканы Джон Оуэн студент Локктың көзқарастарының қалыптасуында өзіндік із қалдырды. Философтың келешекте жазған еңбектерінде университет қабырғасында алған білімінен гөрі, Оуэннің тигізген ықпалы айқын көрінеді. Дәрістер Локкты аса қызықтырмады. Дегенмен картезиандық ілім мен бірқатар экспериментті ғылымдармен университет қабырғасында танысты. Университетті аяқтаған соң, 1663 жылға дейін Оксфордта



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

қалып, грек тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Осы кезеңде философ өзін қанша жерден Гоббстың ізбасарымын деп атаса да, көбінесе консервативті теорияларға ден қойды. Әйтсе де оның дүниетанымында толеранттылық рухы бәрібір басым түсті. 1663–1664 жылдары Локк өзінің «Табиғат заңдары жөніндегі тәжірибелер» деген атпен алғашқы кітабын жазды. Алайда жас ғалымның ықыласы енді саясат пен медицинаға ауды. Математик Уоллистің геометриядан көпшілікке арналған дәрістеріне қатысады. Астроном Сет Уордтың еңбектерін оқиды. Экономист Уильям Пегги және физик Роберт Бойльмен танысады. Локкты олардың Фрэнсис Бэкон заманынан ағылшын ғалымдарының дәстүріне айналған байқампаздық қасиеттері таңқалдырды. Философ уақыт өте келе лорд Энтони Эшли Купермен достасады. Екеуінің ұзаққа созылған достығы лорд қайтыс болғанға дейін жалғасады. Гоббс лордтың қарамағына қызметке тұрды. Корольге жақын топқа кірген Купердің қызмет мансабы тез өрлеп, мөрді сақтаушы лорд лауазымына дейін көтеріледі. Бірақ лорд кейінірек оппозицияға кетеді. Локк 1681 жылға дейін лордтың дәрігері және хатшысы болып қызмет етеді. 1671 жылы ол өзінің «Адам ақыл-ойы жөніндегі тәжірибелер» шығармасының нобайын қағазға түсіреді. Король республикалық көзқарасы үшін Эшлиді қызметінен босатады. Лордпен бірге Локк та Францияға аттанады. Бұл елде Локк картезиандықтар, Мальбранш пен Пор-Рояльдің логикасымен танысады. Сырқатынан сауығу үшін философ Монпельеге барып, сонда екі жыл тұрады. Осы аралықта жергілікті университеттің медицина факультетінде оқытылатын емдеу әдістерімен айналысады. Қоғамдық пікірдің қысымымен II Карл лорд Эшлиді канцлер қызметіне қайта тағайындайды. Онымен бірге Локк та Англияға оралады. Бірақ елдегі саяси ахуал әлі де ушығып тұр еді. Осындай саяси тұрақсыздық жағдайында Локк өзінің «Азаматтық басқару туралы трактатын» жазды.

### Қуғынға ұшырауы һәм отанына оралуы

Абсолютизмді қалпына келтіргеннен кейін король Яковтың тұсында Шефтсбери графы лорд Эшли Купер тағы да қуғынға ұшырайды. Ақсүйек түрмеге қамалады. Бірақ аз уақыттан соң, жақтастарының талап етуімен тағы да бостандыққа шығады. Екі дос амалсыздан өз еркімен Нидерландыға кетуге мәжбүр болады.

Оппозиция көсемдерінің бірі болған граф 1683 жылы көз жұмады. Ал Локк болса, лордтың қазасынан кейін де Отанына оралуға асықпайды. 1688 жылғы жаңа төңкерістің нәтижесінде ағылшын тағына Вилгельм мен Мария отырады. Осы оқиғадан соң барып қана Локк елге оралуға шешім қабылдайды. Жаңа төңкерісті қоғамдық пікір алдында ақтап алу үшін және конституциялық һәм либералды монархияның қажеттілігін теориялық тұрғыда негіздеу мақсатында Локк кең көлемді екі шығармасын жазады. Саясатқа арналған еңбек бірін-бірі толықтыратын қос трактаттан тұрады. Бірінде 1640 жылы жазылған Роберт Филмердің абсолютті монархия идеясын қорғаған «Патриарх» кітабын сынайды. Екінші кітапта Джон Локктың біз сөз етіп отырған өзіндік философиялық көзқарастарының негіздері баяндалады. 1690 жылдан кейін де бірнеше философиялық еңбектері жарық көрді. Оларда негізінен осы екі «Трактатына» қатысты сыни ескертпелерге жауап берілген. 1696 жылдан 1700 жылға дейін Локк Сауда министрлігінің коллегиясында қызмет істейді. Кембридждік философ-жаңаплатоншы Р. Кадворттың қызы леди Мэшемнің Оутстағы үйіне біржола тұрақтайды. Локк 1704 жылдың күзінде өмірден озады.

### Түйін

Сонымен, 1690 жылы Лондонда екі саяси трактаттан тұратын «Басқару туралы екі трактат» («Two Treatises of Government») кітабы жарық көрді.

Бірінші трактатта автор Роберт Филмер мен оның ізбасарларының көзқарастарын сынайды. Екінші трактаттың толық атауы – «Азаматтық басқарудың шығу тегі, қарекет салалары мен мақсаттары туралы тәжірибе» («Essay concerning the True Original, Extent and End of



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

Civil Government»). Трактат жасырын атпен жарық көргенімен, оның авторының Локк екенін барлығы білетін еді. Бірінші трактатта философ жаңсақ саяси пікірлерді сынға алады.

## Абсолютизмді сынау

Роберт Филмер абсолютті монархиялық билікті Құдайдан берілген құқық арқылы ақтап шығады. Бұл түсінік бойынша, король билікті Құдайдың өзінен алады. Филмердің кітабы 1640 жылы жазылғанымен, 1680 жылы автор қайтыс болғаннан кейін ғана жарық көрді.

Оның негізгі тезисі – монархтың билігін ата-ананың билігімен салыстыруда көрініс тапқан. Құдай Хауа Анаға, сосын Қабылға... содан кейін көптеген ұрпақтар арқылы олардың заңды мұрагері II Карлға елдің ішкі істері мен сыртқы саясатына егемен билік жүргізуді сеніп тапсырған. Олай болса, адам табиғатынан өзінің қожасы деген идеяның тиянақты мәні жоқ. Барлық адамдар ата-аналарына бағынуы тиіс. Өз жұртына әке болу үшін корольді Құдай таңдаған. Адамзат қоғамының құрылымы отбасыға ұқсас. Вигтердің оппозициялық партиясының көсемі Сидней 1680 жылы Филмердің кітабын сынаған трактатын жазады. Трактатта халықтың келісіміне сүйенген билікті заңды деп тануға болады деп тұжырымдады. Сидней 1683 жылы өлім жазасына кесілді. Оның кітабы тек 1698 жылы ғана баспа бетін көреді. Джон Локк тек саяси мәселелермен ғана шектелмейді. Филмердің кітабын философиялық тұрғыдан теріске шығарған ол ақылға, тәжірибеге қарама-қайшы келетін және құбылыстардың табиғатына да, адами істерге де сәйкеспейтін ережелерден басқару принциптерін шығару дұрыс емес деген түсінікті байыптады. Философ кітабының тұтас 100 бетін Филмердің еңбегінің алғашқы 20 бетінде келтірілген пікірлерді жоққа шығаруға арнайды. Филмер теориясының негізгі принциптерінің жалғандығын әшкерелеген автор оның абсолюттік монархияны қорғаған тезистерінің түкке тұрмайтынын оқырманның өзі саналы түрде түсінгенін қалайды.

Филмердің кітабын сынаған сол дәуірдің көптеген ойшылдары, мысалы, Джеймс Тиррел теория мәселелеріндегі толеранттылыққа қарамастан, абсолютизм жағында қала берді. Ал Локк болса, Нидерландыда жүрген кезінде Спинозаның демократия принциптерін қорғайтын, 1670 жылы жазылған «Діни-саяси трактатын» оқып, Құдай бекіткен және адам еркіне тәуелді дүниені ажырату қажеттігін түсінген болатын. Филмерді сынағанда ол шындықтың осы екі жағын анықтап түсіндіруге талпынады. Ол екінші трактатында: «Басқарудың пайда болуының басқа қайнарларын, саяси биліктің басқа тамырларын және оған ие болуы тиіс адамдарды анықтап, тағайындауда сэр Роберт Филмер атаған емес, басқа тәсілдерін табу қажет», – деп жазады. Философ Филмердің қателігін – адам мен жануарлардың айырмашылығын ажырата алмағанын көрсетеді. Жануарлар әлемінде шынында да билеу құқығы ең күштісіне тиесілі.

## Азаматтық басқару

Осы жаңсақ тұжырымдамалардан бас тартқаннан кейін, зерделі азаматтық қоғам сүйенетін ережелерді белгілеу қажет. Локк азаматтық басқаруды – заңдарды қабылдау және оларды орындауға мәжбүрлеу құқығы ретінде анықтаған. Қоғам мүддесіне қажет болса, әділеттілікпен күш қолдануға да болады деп білген. Қоғамдық мүдде идеологиясының негіздері алғаш рет Локктың ойларынан көрініс тапқан. Локк қоғамдық мүдделерге, азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне жақсы қызмет ететін саяси және сот билігінің біріккен механизмін жасауға талпынады.

## Саяси биліктің пайда болуы

Гоббстан ерекшелігі – Локк табиғи ахуалды теориялық пайымдауларға ғана қолайлы әпсана деп есептемейді. Шындығында, ондай жағдай болғаны рас, барлық адамдар, ерлер мен әйелдер тең, яғни еркін болған. Теңдік пен еркіндіктің осы алғашқы ахуалы парасаттылыққа



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

сүйенген. Адамдардың бір-бірімен қақтығысуы, еркіндік пен теңдіктен бас тартуы олардың табиғатына қайшы келеді. Соғыс пен құлдық адамға өзі тәріздес жандарды бағындыру мен жеке билігін арттырудың мүмкіндігін ашып берді. Теңдік пен еркіндікке негізделген табиғи ахуалдың аяқталуына әкелген адамның осы әлсіздігі – зерде мен тәжірибеге жүгінетін азаматтық қоғамды қалыптастыру қажеттігіне әкелді. Сол кезде адамдардың табиғи қауымы жекелеген азаматтық қоғамдарға бөлінуге тиіс болды. Табиғи ахуалдан азаматтық қоғамға ауысу өзара келісім бойынша жүзеге асты: азаматтық қоғам құру туралы келісім оған қатысушылардың бәрінің еркін келісімі негізінде қабылданады. Адамдар табиғи еркіндігі мен сот төрелігін өз бетінше жүзеге асыру құқығынан бас тартады. Олар бұл құқықты өздері келісіп құрған жаңа қоғамға сеніп тапсырады. Бұл келісім жаңа билікке мойынсұну мен сенімге негізделген. Қоғамдық келісімнің нәтижесінде тұтас еріктің міндетін атқаратын мемлекет қалыптасады. Демек, жалпыға ортақ келісім ғана мемлекеттік биліктің тұғыры бола алады. Әрине, мұндай көзқарасты демократиялық ұстаным деп айта алмаймыз. Локк демократияны тіпті саяси құрылымның ықтимал формаларының бірі ретінде де қарастырмайды. Оның теориясы негізінен азаматтардың басым көпшілігінің еркіне қарамастан жүзеге асырылатын билеушінің абсолютті билігін сынауға бағытталған. Локк табиғи құқықты таптайтын өктемдікке қарсы шығады. Ол еркіндікті қоғамдық мүдделерді есепке ала отырып дамитын азаматтық қоғамның шеңберінде шектейді. Заң ғылымында Локкқа авторизация және өкілеттілік теориясы тиесілі. Авторизация теориясы бойынша мемлекетте заң үстемдігі болуы керек, ал өкілеттілік теориясы бойынша көпшіліктің билігі ең саналы саяси құрылым саналады. Философ осыдан өзінің азаматтық парыз теориясын шығарады. Осы теорияға сәйкес табиғи ахуалдан азаматтық қоғамға ауысу дегеніміз – алға қарай ұмтылыс. Осының нәтижесінде әр тұлғаның белгілі бір құқықтары мен міндеттемелері пайда болады.

### **Мемлекеттік институттарды ұйымдастыру**

Локк ілімінің Гоббстан тағы бір ерекшелігі – басқару формаларының (демократия, олигархия және монархия) арасындағы айырмашылық туралы сұраққа тоқталмайды. Ол үшін басқару режимінен гөрі, оның аясындағы билікті ұйымдастыру маңызды. Абсолютизм мен лауазымды адамдардың билікті шектен тыс пайдалануына қарсы шығады. Сонымен қатар ол мемлекеттегі биліктің бөлінісін зерттейді. Ал шенеуніктің билігін Локк заңның кемшін тұстарын толтырушы тұрғысынан ғана қарастырады. Мемлекеттегі билік қандай жолмен бөлінеді? Заң шығарушы билік – мызғымас және қасиетті. Республиканы қалыптастыратын да, оның өмір сүруі мен бірлігін қамтамасыз ететін де – заң шығарушы билік. Заң шығарушы биліктің міндеті – азаматтардың әл-ауқаты мен бақытты өмірін қамтамасыз ететін азаматтық заңдар жүйесін әзірлеу. Атқарушы биліктің міндеті – заңдарды қолдану. Ол заңды жүзеге асыру құқығына ие болғандықтан, ақылға салып, таразылай отырып, заңдардың кемшіліктерін түзеп, түсініксіз тұстарын айқындауы тиіс. Федерациялы биліктің міндетіне табиғи заң мен жүйелі жөн-жобаға сәйкес халықаралық қатынастар саласындағы қызмет кіреді. Мұнда халықаралық қатынастарды реттейтін заңдардан бұрын, оларды тәжірибеде жүзеге асыру мүмкіндігі қажеттірек. Сот билігі биліктің қалған үш тармағынан оқшауланбаған. Ол табиғи жағдайда емес, азаматтық қоғамда пайда болады. Локктың қоғамдық институттар теориясы ұйымдастырудан гөрі, көбінесе, этикалық мәселелерді қозғайды. Философ биліктің қызметтерін қарастырады. Ол үшін бірінші кезекте осы қызметтердің басты принципке, яғни қоғам игілігін қамтамасыз етуге сәйкес жүзеге асқаны маңызды. Саяси институттардың халық еркімен құрылғанын ешқашан ұмытуға болмайды.

### **Мемлекеттік институттарға қойылатын шектеулер**

Осылайша, билік өкілеттілігінің шекараларын анықтау – философтың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі. Ол халықтың қолдауын – саяси биліктің тұрақтылығының қажетті



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

шарты деп санайды. Мемлекеттің негізі – Халық. Суверен халықтың сенімінен айырылса, онда мемлекеттің негіздеріне де қауіп төнеді. Егер билеуші қаныпезер болса һәм жеке басының мүддесін ел мүддесінен жоғары қойса, халық оған бағынуға міндетті емес деген көзқараспен Локк келіседі. Мұндай жағдайда халықтың билікке қарсылық көрсетуге, көтеріліске шығуға заңдық құқы бар. Локк тіпті ондай қарсылықтың теориясын да әзірлеп шығады. Ол патшаны өлтіруді құптамайды, мұндай жағдайда заң шығару мәселесін халықтың еркіне беруді ұсынады. Халық өзін-өзі басқаруы қажет. Халық жаңа үкіметті сайлап, оған қоғамның мүддесіне қызмет ететін заңдарды қабылдауды тапсыруы тиіс. Өйткені саясаттың негізгі мәнінің өзі – жалпыға ортақ игілікті қамтамасыз етуден тұрады. Локк сонымен бірге саяси кемелдік теориясын қалыптастырды. Бұл теория бойынша, азаматтар кемеліне келген соң өз басшыларын қашан ауыстырған жөн екенін шешу құқығына ие бола алады. Бұқараның саяси сауаттылығы – абсолютизмге жол бермеудің кепілі.

### Локк пен Гоббс теорияларының ұқсастығы мен айырмашылығы

Томас Гоббстың «Левиафаны» мен Джон Локктың «Азаматтық басқару туралы трактатының» мазмұнын қарастырғанда, осы қос шығарманың арасындағы байланысты бірден анықтап алғанымыз жөн. Гоббс пен Локк философиясының ұқсастығы неде? Локктың кітабы Роберт Филмердің теориясына қарсы бағытталғаны белгілі. 1660 жылдары философ Гоббстың идеяларын зерттей бастайды, бірақ «Левиафан» оған онша әсер етпейді. Локк Гоббстың адамзат тарихын табиғи және азаматтық кезеңдерге бөлуімен келіседі.

Гоббс пен Локк арасындағы елеулі айырмашылық олардың дінге қатысты ұстанымдарында көрініс тапқан. Локк өзінің саяси трактатында діни билік туралы мәселені мүлдем қозғамайды. «Сенімге төзімділік туралы тәжірибелерінде» жазғанындай, дін өкілдері «өздерін толығымен жанға қызмет ету ісіне арнап», саяси істерге қол сұқпауы керек. Осы айтылған пікір Локктың өзіне ғана тән көзқарас деуге болады. Қос философ арасындағы екінші үлкен айырмашылық – олар қолданған әдістерде. Гоббстың кітабы – рационалды һәм дедуктивті логикаға негізделген абстрактілі шығарма. Керісінше, Локк пайымдауларының негізгі арқауы – саяси өмірден алынған нақты мысалдар. Бұдан философтың, ең алдымен, эмпирик екенін аңғарамыз. Оның трактаты жалпы адамзаттық құндылығы бар шығарма болса да, ол өз уақытына, өз дәуірінің саяси жағдайына байланған, яғни болуы тиіс дүние жөнінде емес, болуы мүмкін дүние жөнінде ой қозғайды. Басқаша айтсақ, Локк – прагматик. Осылайша, екі ойшылдың арасындағы басты айырмашылық олардың пайдаланған әдіснамаларының өзгешеліктерінде көрініс тапқан.

### Кітаптың мазмұнына қатысты пікірлер

Ілімінің кейбір тұстарының даулы, бүлікшіл сипатына қарамастан, Локк көзі тірісінде-ақ үнемі көрнекті ғалым деп есептелді және зор құрмет пен қошеметке ие болды. Сондай-ақ ол діннің кез келген салаға қол сұғуын шектеуді талап еткені болмаса, ешқашан шіркеуді тікелей айыптамады. Оның шығармасы көпшілікке танымал болды. Философты ағылшын конституциялық монархиясының жартылай ресми идеологы деп атады. Ол уағыздаған қоғамдық келісім идеясы кеңінен таралды. Ағылшын режимінің қайраткерлері оның «Трактатын» өздерінің іс-әрекеттеріне басшылық ретінде қабылдады. Кітап ағылшын еліндегі еркін ойдың дамуына жаңа серпін берді. Вигтер оны бұрын-соңды болмаған ынта-жігермен қабылдады. Епископ Эдмунд Лоу философтың шығармаларының толық жинағын жарыққа шығарды. Оның беделін тіпті торилер мойындады. Локк қайтыс болғаннан кейін оның қабірі үнемі әсем гүлдермен көмкеріліп тұратын. Оның құлпытасының алдында адамдар тізе бүгіп, зиярат етті. Интеллектуалдар бақшаларына Локктың мүсінін орнатты. Епископ Уорбертон «Спектейтор» журналында Локкты «Біздің ғасырымыздың ар-намысы, келешек дәуірлердің ұстазы, ұлттың абырой-беделі» деп атады. Әрине, уақыт сырғыған сайын, сынның да үні естіле бастады. Граф Шефтсберидің немересінің француз тіліне Дидроның өзі аударған «Ізгілікті, яки



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 7. Джон Локк (1632–1704)

еңбекті зерттеу» деген кітабында, Юмнің «Саяси очерктерінде», заңгер Блэкстоун, Беркли – осылардың бәрі оның қоғамдық келісім, табиғи ахуал, билеушіге қарсылық таныту құқығы туралы тезистерімен пікір таластырды. Тіпті Таккер америкалық колонистердің көтерілісіне қатысты жауапкершілікті Локктың мойнына артты... Қалай болғанда да, ағылшындар философтың есіміне әлі де адалдық танытып келеді. Олар үшін Локк әрқашан ағылшын конституциялық еркіндігінің атасы болып қала бермек.

### Кітаптың XVIII ғасырда таралуы

Кітап еуропалық қоғамдық ойға орасан зор ықпалын тигізді. 1704 жылы Пьер Кост Локкты келешек ойдың билеушілерінің бірі деп атады. Ницше оны Ағарту дәуірінің іргесін қалаушы деп есептеді. Ширек ғасыр ішінде француз философтары бүкіл Еуропаны Локк ілімімен таныстырды. Дидро оның қоғамдық келісім жайындағы тезистерін көпшілікке таратты. Ол Локкты «Ежелгі дүние мен жаңа дәуірдің арасындағы дәнекер» деп атайды. Осылайша, Локк либералдық ойдың мойындалған идеологына айналды. Оның еркіндік тұжырымдамасы барған сайын кеңінен тарала берді. Вольтер өзінің «Он үшінші философиялық хатында» ағылшындар Локктың трактатынан республикалық монархияның негіздемесін тапты деп жазды. Пьер Косттың досы һәм Локкты француз тіліне тәржімалаушы Монтескье оның либерализмі мен конституционализмін өзара байланыстырады. «Заңдар рухы туралы» трактатын «Азаматтық басқару туралы трактаттың» жалғасы деп қарастыруымызға болады. Локк пен Монтескьенің шығармалары бүгінде барлық ағылшын университеттерінде оқытылады. Руссо Локкқа мүлдем сілтеме жасамаса да, оның шығармаларынан, әсіресе «Қоғамдық келісім туралы» трактатынан ағылшын философының шығармаларымен жақсы таныстығы көрініп тұр. Франциядағы революциялық құрылтай жиналысының мүшелері Республиканың «Еркіндік», «Теңдік», «Бауырластық» ұранының өзін Локктан алды. Оның кітабының француз тіліндегі аудармасы 1724–1795 жылдар арасында жеті рет басылып шықты. Тіпті революциялық дауылдардың өзі Локктың танымалдығын бәсеңдете алмады. Оның идеялары америкалық Тәуелсіздік декларациясында да көрініс тапқан. Декларациядан халықтың егемендігі, қоғамдық келісім, азаматтың ақыл-ойы мен жауапкершілігі туралы ережелерді табуға болады. Адамның жеке бас еркіндігіне кепілдік беру, ар-ождан еркіндігі, жекеменшік пен еңбекке деген құқық туралы ережелер Локк кітабында ұсынылған идеялар болатын. 1776 жылдың шілдесінде қабылданған «Азамат құқығы декларациясының» көп тұсы философ ілімінің негізгі ережелерін қайталаған және іс жүзінде оның идеяларының синтезі екенін көрсетеді. Өз кезегінде «Адам мен азамат құқықтары декларациясына» үлгі болған бұл мәтін Локкты қоғам тарихында айқын із қалдырған санаулы философтардың қатарына қосты. XIX ғасырда Локк есімі көп айтылмаса да, оның идеялары жалғасын тауып жатыр.